

ИСЛАМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

№13 (73)
1-15 ШІЛДЕ,
2006 ж.

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫНЫҢ ДІНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТІ

Қазақстан мұсылмандарының 1-ші құрылтайына бір ғасыр



толуына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен Алматы қаласындағы Достық үйінде 21-маусымда өтті. Оған көршілес Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан республикаларындағы діни басқармаларының өкілдері, ұлттық ғылым академиясының көрнекті ғалымдары мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының облыстар мен өңірлердегі өкілдері, Алматы өңірі мен қаласындағы ірі мешіттердің Бас имамдары, дін жанашырлары, Қазақстан қажылары қауымдастығының өкілдері қатысты. Республикалық басты-басты бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері бұл келелі басқосу жайлы репортаждар жүргізіп, арнайы хабарлар дайындады. (Бұл туралы материалдарды 3-5 беттерден оқи аласыздар.)

Суретте: Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылардың бір тобы. (Суретке түсірген Марат қажы Кенесұлы.)

Ия, 1906 жылдың көктемінде Жетісу мұсылмандарының тұңғыш құрылтайының өткеніне де жуырда 100 жыл, яғни бір ғасыр толды. Қазақстан жұртшылығы аталарымыздың осынау құрылтайын арнайы іс-шаралармен атап өтуде. Ол осы оқиғаға қатысты терең де жан-жақты ой жүгіртуге, бір ауық өткенімізге көз тастап, алдағы күндер туралы тереңірек толғануға жетелері және өткенімізді зерделеп кезірек бағамдауға, әрі оны бүгінгі күнмен де байланыстыруға мүмкіндік бермек. Кешегіні түйсіну ғана бүгінгі уақыт тынысын дұрыс түсініп, алдағы күндерге байыпты бағдар жасауға негіз қалайды.

Жетісу мұсылмандарының тұңғыш съезі жайлы сөз қозғаудың тарихқа бойлап, ата-баба құндылықтары мен мәдени қайнарларымызға құрметпен қарауда, қазіргі кезеңде тұрақтылықты қамтамасыз, егемендікті баянды етуде, сондай-ақ болашақ үшін де ықпалы зор.

Отандық тарих Исламмен байланысын ешқашан да үзген емес, тіпті Ислам дәстүрлеріңіз қазақ мәдениетін елестете де алмаймыз. Сол себепті әр кезде де Ислам біздің рухани дамуымыздың негізгі ұйытқысы боп келді және де солай бола бермек.

Мұсылмандық Орта Азияға, оның ішінде қазақ еліне біздің дәуіріміздің УШ ғасырында ене бастады. 751 жылы Талас бойында қарақытайлар мен мұсылмандар арасындағы шешуші шайқаста мұсылмандардың жеңісі бүкіл Орта Азиялық аймаққа Ислам дінінің ғана емес, сондай-ақ оның мәдениетінің де еркін таралуына жол ашты.

Өлкені исламдандыру мен оның құндылықтарын енгізу бейбіт сипатта жүрді. Әдеби жазбалар мен тарихи құжаттарда да жергілікті халық тарапынан Исламға деген теріс көзқарастың байқалғаны жайлы ешқандай дерек жоқ. Орта Азия халықтарының дастандары мен бейнелеу өнері туындыларында да мұсылмандықты теріске шығару ұшыраспайды.

Шын мәнінде Ислам түсінікті де ұғынықты тілмен уағыз арқылы тарады. Дінді таратушылар Оңтүстік және Орталық Американы найзаның ұшы, білектің күшімен шоқындырған Писсаро мен Кортес конкистадорларындай халықты қызыл қанға бектірген жоқ, американ құрлығын христиандандыру жергілікті үндістердің үкіен бөлігін жойып жібергеніне тарих куә.



Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІ, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

100 ЖЫЛ БҰРЫН ӨТКЕН ҚҰРЫЛТАЙ

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ТҰСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІНІҢ РУХАНИ АХУАЛЫ

Мұсылман мәдениеті сайын даламызға келген кезден бастап үнемі даму үстінде болды. Өткен ғасырда бірақ исламдандыру қарқыны біршама бәсеңдеді. Оған халқымыздың тәуелсіздігінен айрылуы себеп болды. Мұнан бір жарым ғасыр бұрын еліміз бодандық қамытын киді. Рухани дағдарысқа ұшырады. Өз тағдырын өзі шеше алмай, толығымен патшалық өкімшілікке тәуелді күй кешті. Қазақтың өз салт-дәстүрлері мен діни кемсітушілікке ұшырап, шеттетілді. Рухани құндылықтарымыз бодандықтың бүкіл тауқыметін тартты.

Патша үкіметі Ислам дінінің дамып, нығаюына мүдделік танытпады. Керісінше отаршыл шенеуніктер Ислам дінінің ықпалын барынша шектеуге тырысты. Мұның шектен шыққан мысалының бірі жергілікті халықты шоқындыру бағытындағы ашық іс-әрекеті еді. Түрлі тарихи еңбектерден Қазақстандағы көптеген шоқындыруға қатысты деректерді оңай табуға болады. Патша үкіметі ішкі Ресейден өзге дінді ұлт өкілдерін елімізге көптеп қоныс аудару арқылы да қазақтар арасына өз ықпалын арттыруға күш салды. Бұған жер-жерде миссионерлік жүйеге қызмет ететін жексенбілік-діни мектептер ашылып, Ислам дінінің тамырына балта шабу мақсатын көздеген үгіт-насихат жүргізілді. Әйтсе де осындай құйтырқы іс-әрекеттерге қарамастан ата-бабаларымыз өз сенімдері — діндерінен бас тартпады. Отандастарымыздың көпшілігі өзінің ұлттық салт-дәстүрлері мен Ислам идеалдарына деген сенімін сақтап қалды.

Губерниялық мекемелердің қысым көрсетуіне қарамастан Ислам діні мүмкіндігінше өз ықпалынан айырылмауға тырысты. Ислам діні қазақ халқына рухани бағыт-бағдар беруші боп қала берді. Отаршылардың жат сенімді күшпен де, неше түрлі айла-шарғымен де тықпалауы нәтиже бермеді. Санкт-

Петербургтен осы мақсатпен жіберілген шенеуніктерінің қаншама күш салуы да бос әурешілік боп қалды. Бұл ретте қазіргі миссионерлердің де іс-әрекетінен ештеңе шықпайтынын айту ләзім.

XX ғасыр басында құрамында Қазақстан да бар Ресей империясындағы жағдай елеулі өзгеріске ұшырады. Көптеген халықтардың, соның ішінде орыстардың да “түрмесіне” айналған іріп-шіріген патша билігі өзінің қабілетсіздігін танытты. Ұлан-байтақ аймақты алып жатқан алып империя алақандай ғана жапондардан ойсырай жеңілді. Бұл өскери күйреу Ресей халқының жаппай наразылығын туғызды.

Наразылық империя орталығы һәм оның шеткі аймақтарын да қамтыды. 1905 жылғы көтеріліс монархиялы тәртіпке елеулі қатер туғызды. Орыс жұмысшылары мен шаруалары, елдің шеткі ұлттық аймақтарының тұрғындары да патшалық билеп-төстеу мен зорлық-зомбылыққа қарсы бас көтерді. Төңкерісшіл көңіл-күйдің өрши түсуінен қаймыққан патша үкіметі оларды алдарқату үшін бірқатар жеңілдік жасауға қадам жасады. Соның нәтижесінде орыс халқымен қатар империяның шеткі аймақтарының аз санды ұлттары мен ұлыстары біршама бостандыққа қол жеткізді.

Қазақстандағы шенеунік аппарат та жұмсарды. Сол

жасалған жеңілдіктің бірі дінде де қатысты еді. Патшаға қарсы толқудың күш алуынан қаймыққан шенеуніктер Исламға қарсы іс-әрекеттерден уақытша тартынуға мәжбүр болды.

Отаршылдар қазақтар арасында мұсылман мәдениетінің қаншалықты маңызды рөл атқаратынын түсінді. Осы себептен де (ізгі ниеттен емес) ақылдаса келіп губерниялық құрылым аясында Қазақстандағы Исламның маңызын мойындауға еріксіз көнді. Соның нәтижесінде Алматы (сол кездегі Верный) қаласында Жетісу мұсылмандарының тұңғыш құрылтайын өткізуге рұқсат етті.

Құрылтайдың өткізілуін губерния шенеуніктері барынша қадағалады. Қазақстан Республикасының Орталық мұрағат қорында осы аталған іс-шараны өткізуге қатысты материалдар сақталған. Жаркент уезі бастығының міндетін уақытша атқарушының Жетісу облысы өскери губернаторына жолдаған рапортында: “Жоғары мәртебелім! Он алтыншы наурызда... Теміршиев 23 наурыздағы Жетісу облысы мұсылмандарының құрылтайына қатысу үшін Верный қаласына жүріп келті”, — деп атап көрсетілген (ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты. Қор N44, тезбе N2, ic N 2495).

Уез шенеунігі рапортынан келтірілген бұл үзінді облыс

(1906 жылы сәуірде Верныйда [Алматыда] Жетісу мұсылмандарының тұңғыш құрылтайы өтті)



өкімшілігінің мұсылмандар құрылтайына қатысты кез келген іс-әрекетке мұқият көңіл бөліп отырғандығын байқатады.

Түркістан генерал-губернаторы кеңсесінің құжаттары да көңіл аударарлық. Бұл дерек көздерінде аймақ мұсылмандарының қызметі мұқият реттелген. Жетісу шенеуніктерінің нұсқаулары құрылтай өткізу барысында ескерілгендігі даусыз. Соның ішінде император II Николайдың министрлер комитетінің Журналын бекіту жөніндегі 1904 жылғы 17 сәуірдегі жарлығы мен өзге ұлттар мен өзге діндегілердің мәселелері жөніндегі 1904 жылғы 12 желтоқсандағы Жарлығына да назар аудармау мүмкін емес.

Жоғарыда аталғандай министрлер комитеті 1904 жылғы 12 желтоқсандағы император жарлығының 6 бабының орындалу тәртібі туралы 1905 жылғы 22 ақпан мен 1 наурыздағы ерекше Журналында былайша қаулы етті: “Мемлекеттік кеңеске құрмет ретінде ведомствоның алдын-ала келісімінсіз діни төзімділік туралы Министрлер Комитеті жобалаған төтенше мәжіліске осы журналдағы түсініктер негізінде төмендегідей мәселелер мен алдын ала түзілген заң жобалары дайындалып берілсін:

- 1) өзге діндегілердің құлшылық үйлерінің ғимараттары туралы;
 - 2) мұсылман дінбасыларын сайлау және тағайындау тәртібі туралы;
 - 3) исламның кейбір басшыларын запастан өскерге шақырудан босату туралы”.
- Жетісу мұсылмандарының алғашқы құрылтайының материалдарынан белгілі болғанындай бірінші және екінші мәселелер мәжілістің барысына тікелей қатысты болды. Бұл екеуінен басқа баптары басқа да жағдайларға өсер етті. Мысалы, N4 бап. Бұл бап діни мектептер мен медреселер ашу тәртібін қарастыратын еді

(Жалғасы 4-5-беттерде.)